

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгерісті бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 123 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1481. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 119 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Z010173\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 V011466\_ қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгеріс бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап олар және осы қаулы күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгерісті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолдансын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткізілген күннен бастап екі күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгерісті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 20 сәуірдегі

N 123 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгеріс

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 V011466\_ қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1. 15-тармақтың бірінші сөйлемі "Осы Нұсқаулықтың N 2-1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша салымшылардың банктердегі арнайы есепшоттарға ақша аударуы үшін Заңмен белгіленген ақшаны жария ету кезеңі аяқталған соң банктер пайдаланылмаған куәлік бланкілерін жоюға тиіс, ол жөнінде банктің бірінші басшысының қолы қойылған акті жасалады." деген сөйлеммен ауыстырылсын.

2. N 2 қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 9 сәуірдегі  
N 89 қаулысымен бекітілген  
Ақшаны жария етуіне байланысты  
Қазақстан Республикасының  
рақымшылық жасалған  
азаматтарына екінші деңгейдегі  
банктердің арнайы есепшоттар  
ашу және жүргізу тәртібі  
туралы нұсқаулыққа

N 2 қосымша

Ақшаны жария ету бойынша арнайы есепшотқа  
ақша салу туралы

КУӘЛІК

Берілген күні 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_

(аты-жөні, жеке басы куәлігінің N)

( м е к е н - ж а й ы )

талап ету салымына \_\_\_\_\_  
(санмен және жазумен)  
сомада ақша салғандығын растайды.  
\_\_\_\_\_банкі.

(банктің толық атауы)

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленетін ақшаны жария ету кезеңі аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап салымшы талап еткен бойда көрсетілген соманы қайтаруға не оны өзге банктік есепшотқа аударуға міндеттенеді.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Банктің мөрі"

3. Мынадай редакциядағы N 2-1 қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 9 сәуірдегі  
N 89 қаулысымен бекітілген  
Ақшаны жария етуіне  
байланысты Қазақстан

Республикасының  
рақымшылық жасалған  
азаматтарына екінші деңгейдегі  
банктердің арнайы есепшоттар  
ашу және жүргізу тәртібі  
туралы нұсқаулыққа

№ 2-1 қосымша

Ақшаны жария ету бойынша арнайы есепшотқа ақша салу  
туралы куәліктің бланкілерін жою туралы  
акт

\_\_\_\_\_ ж.

(банктің атауы)

Басқармасы Төрағасының 2001 жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ бұйрығы  
негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

уәкілетті адамдар 2001 жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ Ақшаны жария ету  
бойынша арнайы есепшотқа ақша салу туралы куәліктің пайдаланылмаған  
бланкілерін (бұдан әрі - "Куәліктің бланкісі") жойды.

Р/с N	Куәлік бланкісінің есеп номері	_____
_____	_____	_____

Ж и ы н т ы ғ ы : | \_\_\_\_\_

Куәліктердің бланкілері қағаз жоятын машиналарды қолдану  
ар қ ы л ы ж о ы л д ы .

Уәкілетті адамдар Куәліктің көрсетілген бланкілерін жойған  
кезде тәртіп бұзушылықтар анықталған жоқ.

Осы акт 1 (дана) етіп жасалды, оның көшірмесі ақшаны жария ету  
кезеңі аяқталғаннан кейін үш күндік мерзімде Қазақстан  
Республикасының Ұлттық Банкіне беріледі.

У ә к і л е т т і а д а м д а р :

_____	_____	_____
Басқарма төрағасы	Аты-жөні	Қолы
_____	_____	_____
Бас бухгалтер	Аты-жөні	Қолы

\_\_\_\_\_

(лауазымы)

Аты-жөні

\_\_\_\_\_

Қолы

Ұ л т т ы қ

\_\_\_\_\_ "

Б а н к

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК